

Еркін кеден аймақтары және еркін қоймаларға кейбір тыйым салуларды белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 23 желтоқсандағы N 1326 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 681 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. Еркін кеден аймақтарында және еркін қоймаларда алкогольді өнімдердің өндірісінде қолданылатын және еркін кеден аймақтары мен еркін қоймалар режимдерінде ресімделген тауарларды өңдеу жөніндегі операцияларды жүргізуге т ы й ы м с а л ы н с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 заң күші бар Жарлығына еркін кеден аймақтарында және еркін қоймаларда Қазақстан Республикасының Кеден заңдарында белгіленген өлшемдерге сәйкес жеткілікті өңделмеген тауарларды сатуға тыйым салуды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұ с ы н ы с е н г і з е т і н б о л с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі